

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы жерүсті радиоқызметтері пайдаланатын радиожилік иеленімдерін шекара маңы аймақтарында үйлестіру туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 1049 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 944 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы жерүсті радиоқызметтері пайдаланатын радиожилік иеленімдерін шекара маңы аймақтарында үйлестіру туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 1049 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Хасенұлы Мәдиевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының азаматтық мақсаттағы жерүсті радиоқызметтері пайдаланатын радиожилік иеленімдерін шекара маңы аймақтарында үйлестіру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов